

"Павлодар өнеркәсіп-қаржы альянсы" салааралық өндірістік-шаруашылық ассоциациясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 6 қазан 1994 ж. N 1122

Аса маңызды өнімдер шығаруды ынталандыру, республиканың экспорттық әлеуетін сақтау, бағаның өсуін тоқтату, монополист шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүдделерін үйлестіру, инвестициялық ресурстарды экономиканы дамытудың басым бағыттарына шоғырландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Павлодар облыстық әкімшілігінің, "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамының, "Павлодар алюминий заводы" акционерлік қоғамының, Тың темір жол басқармасының, "Павлодарэнерго" энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігінің "Павлодар өнеркәсіп-қаржы альянсы" салааралық өндірістік-шаруашылық ассоциациясын құру туралы ұсынысы қабылдансын.

Ассоциацияның қатысушылары бір ай мерзім ішінде "Павлодар өндіріс-қаржы альянсын" мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

2. Ассоциацияның атқаратын қызметі сазбалшықты және ферроқорытпаларды өндіру мен өткізу жөніндегі альянсқа қатысушылардың бірлескен қызметін ұйымдастыру болып саналсын. < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген - ҚРМҚ-нің 1995.04.14. N 476 қаулысымен.

3. Ассоциацияның қатысушылары өз өнімдерінің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) өндірілуі мен өткізілуінде, одан әрі ассоциация шеңберінде пайдаланылмайтын бөлігінде бюджетке дербес төлеуші болып табылады.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақ күшін жойған ҚР Үкіметінің 1996.03.05. N 280 қаулысымен. P960280_

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, 1994 жылдың 1 қарашасына дейін Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің базалық сапаларында өнеркәсіп-қаржы топтарын құру жөнінде ұсыныс әзірлесін.

6. Павлодар облысының әкімі 1995 жылдың бірінші жарты жылдығында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне алюминий өндірісі жөніндегі ұлтаралық корпорация құру туралы мемлекетаралық шарттың жобасын енгізсін.

7. "Павлодар өнеркәсіп-қаржы альянсы" салааралық өндірістік-шаруашылық

ассоциациясы туралы Ереже бекітілсін.

8. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Боксит өндіруді және дайын алюминий алуды ұлғайту жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 15 қарашадағы N 1124 қаулысы күші жойылған деп танылсын.

9. Осы қаулының жүзеге асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Ә.М.Қажыгелдинге жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 6 қазандағы
N 1122 қаулысымен

Бекітілген

Ескерту. ҚР Премьер-министрінің 1995.01.17. N 23 жарлығын қараңыз.

"Павлодар өнеркәсіп-қаржы альянсы" салааралық
өндірістік-шаруашылық ассоциациясы туралы

Ереже

1. Жалпы қағидалар

1. "Павлодар өнеркәсіп-қаржы альянсы" салааралық өндірістік-шаруашылық ассоциациясы (бұдан әрі - Ассоциация) Павлодар облысы өнеркәсіп кешенінің жұмысын тұрақтандыру және сазбалшықты және феррокорытпаларды өндіру мен өткізу жөніндегі өзара тиімді бірлескен қызметін жүзеге асыру әрі пайда табу мақсатында құрылады. < * >

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс пен толықтыру енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.14. N 476 қаулысымен.

2. Ассоциацияның құрамына:

"Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамы; "Алюминий зауыты" акционерлік қоғамы; "Павлодарэнерго" өндірістік бірлестігі; Тың темір жолының басқармасы кіреді.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің рұқсатымен Ассоциация құрамына басқа да заңды ұйымдар кіре алады.

4. Ассоциация өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Ассоциация заңды ұйым болып табылады, оның банкте есеп-шоты, мөрі, өз атауы жазылған бланктері және басқа да деректемелері болады.

2. Ассоциацияның қызметі, мақсаты мен міндеті

6. Ассоциацияның мақсаты Павлодар облысының өнеркәсіп кешенінің жұмысын тұрақтандыру және өзінің қатысушыларының өзара тиімді бірлескен қызметін жүзеге асыру болып табылады.

7. Ассоциацияның атқаратын қызметі: сазбалшықты және ферроқорытпаларды өндіру мен өткізу жөніндегі Ассоциация қатысушыларының бірлескен қызметін ұйымдастыру; <*> қатысушылары мен басқа кәсіпорындар арасындағы өзара есеп айырысу жүйесін ұйымдастыру болып табылады.

Ескерту. 7-тармақтың бірінші абзацына өзгеріс пен толықтыру енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.14. N 476 қаулысымен.

8. Ассоциацияның негізгі міндеті: қатысушы кәсіпорындардың тұрақты жұмысын үнемі қамтамасыз етіп отыру; түпкілікті өнім - сазбалшықты өндіру тиімділігін арттыру мақсатында қатысушылардың мүдделерін үйлестіру;

Ассоциация қатысушылары өнімдерінің (жұмысының, қызмет көрсетуінің) өндірісі барысында және өткізуде пайдаланылатын бөлігіне көтерме баға қалыптастыруды бақылау; <*>

түпкілікті өнім өндіру мен өткізуге байланысты тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) беріп тұру жөніндегі Ассоциация қатысушылары арасындағы есеп айырысудың дұрыстығын бақылау; <*>

Құрылтай шартына сәйкес қатысушылар арасында пайданы бөлу; бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін инвестициялық ресурстарды шоғырландыру болып табылады. <*>

Ескерту. 8-тармақтың 4-ші абзацынан сөздер алынып тасталған және 5-ші абзацтағы сөз алмастырылды, 7-абзацына өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.14. N 476 қаулысымен.

3. Басқару органдары

9. Ассоциацияны басқарудың жоғары органы қатысушы кәсіпорындар басшыларының Кеңесі (бұдан әрі - Ассоциация Кеңесі) болып табылады. Ассоциация Кеңесінің мүшелері өз қатарынан Кеңестің төрағасын сайлайды.

Ассоциация Кеңесінің оның қызметіне қатысты кез келген мәселе жөнінде шешім қабылдауға өкілеттілігі бар. Ассоциация Кеңесінің айрықша құзырына:

Ассоциацияның бірлескен қызметінің перспективалық және жылдық жоспарларын, бірлескен жобаларын, бағдарламаларын қарап, бекіту;

Ассоциацияның пайдасын оның қатысушылары арасында бөлу;

Ассоциацияның директорын тағайындау;
Ассоциация қызметін тоқтату жатады.

10. Ассоциацияның пайдасын бөлуге және қызметін тоқтатуға қатысты мәселелер бойынша жоғары органның шешімдері толық бірауыздылық жолымен қабылданады. Ассоциация Кеңесінің шешімдері барлық қатысушылары мен атқарушы органдар үшін орындауға міндетті болып табылады.

11. Ассоциацияның атқарушы органы оның қызметіне күнделікті басшылық жасайтын дирекция болып саналады.

Дирекцияны Ассоциация Кеңесі тағайындайтын директор басқарады.

Директор Ассоциацияның бүкіл ағымдағы қызметіне басшылық жасайды және Ассоциацияның атынан қолхатсыз іс-қимыл жасайды, шарттарға, міндеттемелер мен қолхаттарға қол қояды.

4. Мүлік және түскен пайданы бөлу тәртібі

12. Ассоциация қатысушылары осы Ережеде айтылғаннан басқа жағдайларда, Ассоциация қызметінде өздерінің шаруашылық, заңдылық, мүліктік дербестігін сақтайды.

13. Сазбалшықты өндіруге байланысты Ассоциация қатысушылары арасындағы тауарлар (жұмыс, қызмет көрсету) бойынша есеп айырысуы есептелетін ішкі бағалар бойынша (өзіндік құны бойынша) жүзеге асырылады. Бұл бағаларды Ассоциация бақылайды. < * >

Ескерту. 13-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.04.14. N 476 қаулысымен.

14. Ассоциация қатысушылары алдағы уақытта Ассоциация шеңберінде пайдаланылмайтын өз өнімдерін (жұмысын, қызмет көрсетуін) өндіру мен өткізу бөлігінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген салықтар мен аударымдардың бюджетке дербес төлемшілері болып табылады.

Ассоциация шеңберінде пайдаланылатын өнімдер бойынша салық салудың төмендегідей тәртібі белгіленеді:

түпкілікті өнім өндіру мен өткізуге арналған тауарларды (жұмысты, қызмет көрсетуді) беріп тұру бойынша Ассоциация қатысушылары қосылған құнға салық салынудан босатылады. < * >

(4 - а б з а ц) < * >

(5 - а б з а ц)

Ескерту. 14-тармақтың 3-ші абзацындағы сөз алмастырылды, 4-ші абзацы алынып тасталды және 5-ші абзацына өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1995.04.14. N 476

қаулысымен.

Ескерту. 14-ші тармақтың 5-абзацы күшін жойған - ҚРМК-нің
1995.10.06. N 1311 қаулысымен. P951311_

15. Пайдаға салық, қосылған құнға салық бойынша және түпкілікті өнім өндіру мен өткізуге байланысты қызметі жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бюджетке басқа да аударымдар бойынша төлем жасайтын түпкілікті өнім шығаратын кәсіпорындар болып табылады.<*>

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің
1995.04.14. N 476 қаулысымен.

16. "Қазақстан Республикасының салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес салықтардың есептелуі мен төленуі және бюджетке аударылуы жөнінде түпкілікті өнім шығаратын кәсіпорындар жауап береді.<*>

Ескерту.16 тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің
1995.04.14.N 476 қаулысымен.

17. Ассоциация қатысушылары ассоциация шеңберінде түпкілікті өнім өндірумен және сатумен және басқа қызметпен байланысты қызмет бойынша жеке есеп жүргізеді.

< * >

Ескерту.17 тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің
1995.04.14.N 476 қаулысымен.

18. Түпкілікті өнім өткізуден алынған пайда, түпкілікті өнім шығаратын кәсіпорындар салықтарды төлеп, аударымдар жасағаннан кейін Құрылтай шартына сәйкес бөлінуге жатады.<*>

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің 1995.04.14. N 476 қаулысымен.

5. Қайта құру мен тарату тәртібі

19. Ассоциацияның тоқтатылуы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысына сәйкес тарату немесе қайта құру жолымен жүргізіледі.